

Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 365 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 мамырда № 11043 тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Преамбула жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Теміржол көлігімен тасымалдау кезінде жүктердің әскерилендірілген күзетін қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2015 жылғы 3 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 365 бұйрығымен бекітілді

Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету қағидалары

1. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 2-тармағының 34-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың әрекеті әскери және арнайы тасымалдарға қолданылмайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидалардағы ұғымдар Қазақстан Республикасының "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы және "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы заңдарында айқындалған мағынада пайдаланылады.

4. Теміржол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктерді күзетуді тасымалдаушы не жүк жөнелтуші жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт бойынша қамтамасыз етеді.

5. Теміржол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы № 344-І бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3931 нөмірмен тіркелген) бекітілген.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жүктерді күзетуді "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер жүргізеді.

7. Акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және акционерлік қоғамдар болып табылатын ұлттық тасымалдаушы, тасымалдаушылар мен жүк жөнелтушілер және олармен аффилиирлендірілген заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес күзет қызметтерін күзет қызметі субъектілерінен сатып алады.

8. Халықаралық қатынаста тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетуге жататын жүктерді күзету Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес, сондай-ақ тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші басқа мемлекеттердің тасымалдаушыларымен жасасатын шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жүктерді әскерилендірілген күзетпен қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Тасымалданатын жүктерді күзетуді ұйымдастыру

9. Күзетуге берілген жүктердің маңыздылығын, құндылығын және қауіптілігін ескере отырып, күзет ұйымы оларды күзетудің мынадай тәсілдерін қолдануы мүмкін:

1) жүру жолындағы жекелеген теміржол станцияларында күзетшілерді ауыстыра отырып жүктерді күзетуге тағайындалған күзетшілер тобының (бұдан әрі – наряд) бірге алып жүруі;

2) жөнелту станциясынан баратын станциясына дейінгі жүру жолында жүктерді күзетуді жүзеге асыратын нарядтардың бірге алып жүруі (жол бойы алып жүруі);

3) аралық станцияларда күзетшілер нарядын қою (жедел–маневрлік нысан).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидалар 9-1-тармақпен толықтыру көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Сапар жолында жүктерді күзетуді басқа күзет түрімен үйлесімде атыс қаруымен қаруланған бір және одан да көп күзетші жүзеге асырады.

11. Құрамында екі және одан да көп күзетші наряды бөлінген жағдайда олардың біреуі наряд жетекшісі болып тағайындалады.

12. Бағыттарды жол бойы алып жүруге арналған күзет нарядының сандық құрамын күзет ұйымы осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген талаптарды ескере отырып және "Жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің адам саны нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 711 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35159 болып тіркелген) сан нормативтері шегінде айқындайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 09.10.2024 № 326 (08.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жүру жолында күзет нарядтарының ауысуы қару-жарақ бөлмесімен жабдықталған, нарядтарды ауыстыруға арналған, күзет ұйымы алдын ала белгілеген поездық локомотивтік бригадалардың ауысуы жүргізілетін теміржол станцияларындағы күзет ұйымының объектілерінде (бұдан әрі – ауысым пункті) жүргізіледі.

14. Әскерилендірілген күзетуге жататын жүктерді үздіксіз бірге алып жүруді қамтамасыз ету жөніндегі нарядтардың іс-әрекеттерін үйлестіруді күзет ұйымы өз бетімен жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Әскерилендірілген күзетуге жататын жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдау құжаттарын ресімдеу ерекшеліктері "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 2-тармағының 34-15) тармақшасына сәйкес бекітілген жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларымен айқындалады.

16. Поездарды жасақтау кезінде және жүру жолында күзетілетін вагондармен жасалатын алдағы маневрлік жұмыс туралы теміржол станциясының қызметкерлері наряд жетекшісіне маневрлер басталғанға дейін ескертеді.

2-параграф. Жүктері бар вагондарды күзетуге қабылдау

17. Нарядтың жүктері бар вагондарды күзетуге қабылдауы тасымалдаушының жүк жөнелтушіден вагондарды қабылдау орындарында поезд жөнелтілгенге дейін 2 сағаттан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

18. Вагондар мен жүктерді күзетуге қабылдауды наряд жетекшісі тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші өкілінің қатысуымен, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша теміржол станциясында тасымалдаушының өкілі жүргізетін станцияда жүктері бар вагондарды күзетуге тапсыруды есепке алу кітабында наряд жетекшісінің қол қоюымен жүргізеді.

19. Әскерилендірілген күзеттің бірге алып жүруіне жататын жүктері бар вагондарды күзетуге қабылдау және беру туралы мәліметтерді наряд жетекшісі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жүру жолында жүктерді әскерилендірілген күзетудің бағыт қағазында және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күзеттің ауысым пунктінде жүргізілетін күзет нарядтарының жүктері бар вагондарды тапсыруын және қабылдауын есепке алу кітабында тіркейді.

20. Ашық жылжымалы құрамдағы вагондарды, жүктерді күзетуге қабылдау кезінде наряд жетекшісі жүктер, едендер, люктер, төменгі және жоғарғы төгу приборлары, бұраулар мен пломбалары бекітілуінің жарамдылығын, ашық жылжымалы құрамдағы жүк орындарының жарамдылығын тексереді. Адамдардың өміріне, жүктердің немесе жылжымалы құрамның сақталуына қауіп төндіретін ақаулар анықталған кезде вагондарды күзетуге қабылдамайды, ақауларды жоюды талап етеді және бұл туралы күзет ұйымының өкіліне немесе темір жол станциясының бастығына баяндайды.

3-параграф. Жүру жолында жүктерді әскерилендірілген күзету

21. Күзет нарядтарының күзетілетін жүктері бар вагондарды ауысым пункттерінде қабылдауы және тапсыруы поездың теміржол станциясында тұрған уақыты ішінде жүру жолында жүктерді әскерилендірілген күзетудің бағыт қағазында және күзет нарядтарының жүктері бар вагондарды тапсыруы мен қабылдауын есепке алу кітабында қол қоюымен жүргізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Жүктері бар вагондарды күзету кезінде наряд "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес қаруды және арнайы құралдарды қолданады.

23. Вагоннан немесе контейнерден бекіту-пломбалау құрылғыларының жұлынғаны, жүктер, едендер, люктер, төменгі және жоғарғы төгу приборлары, ашық жылжымалы құрамдағы жүк орындары бекітілуінің ақаулары анықталған жағдайда, наряд жетекшісі осы және басқа да оқиғалар туралы күзет ұйымының және тасымалдаушының өкілдеріне хабарлайды. Бұл ретте вагонды не контейнерді тасымалдаушының өкіліне не жүк жөнелтушіге тапсырғанға дейін наряд жүктің күзетілуін қамтамасыз етеді.

Тасымалдаушы көрсетілген оқиғалар туралы көліктегі ішкі істер органдарын хабардар етеді.

24. Поезға қатер төндіретін қауіпті (буксалар мен жүктің өртенуі, жылжымалы құрамның рельстен шығуы және т.б.) жағдайда наряд жетекшісі локомотив бригадасымен бірлесіп, қауіптілікті жою үшін ықтимал шараларды қабылдайды. Наряд оқиға болған жерді қарауға және қауіптілікті жоюға келген лауазымды тұлғалардан басқа ешкімді оқиға болған жерге және жүктерге жібермейді.

25. Күзетілетін вагондары бар поезд аралық станцияда локомотивсіз уақытша қалдырылған жағдайда, наряд жетекшісі бұл туралы күзет ұйымына кешіктірмей хабарлайды. Қажетті жағдайларда күзет ұйымы жүктері бар вагондарды тәулік бойы күзетуді ұйымдастыру үшін көрсетілген станцияға қосымша наряд жібереді.

4-параграф. Жүктері бар вагондарды тапсыру

26. Поезд баратын теміржол станциясына келгенде наряд күзетілетін жүктері бар вагондарды ауысым наряды, тасымалдаушының теміржол станциясындағы өкілі немесе жүкті алушы оларды қабылдағанға дейін қалдырмайды.

27. Тасымалдаушы немесе жүк алушы жүктері бар вагондарды қабылдағаннан кейін бұл туралы жүру жолында жүктерді әскерилендірілген күзетудің бағыт қағазына белгі жасайды.

5-параграф. Теміржол көлігінде ықтимал құқыққа қарсы әрекеттерді анықтау және оларды алдын алу

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

28-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Теміржол көлігімен тасымалданатын жүктерді күзетуді жүзеге асыру үшін күзет қызметінің субъектісі диверсиялық және террористік қатерлерден күзетілетін объектілердің қорғалу деңгейін арттыру, теміржол көлігіндегі құқыққа қарсы актілерді анықтау және олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және орындалуын қамтамасыз етеді және оларды "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіседі.

29. Теміржол көлігіндегі құқыққа қарсы актілерді анықтау және олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар алдын алу шараларын өткізуді, күзетшілердің жеке қорғану шараларын, қысылтаяң жағдайлардағы және шұғыл көшіру кезіндегі іс-әрекеттерді, сонымен қатар тиісті мемлекеттік органдарды хабардар ету тәртібін көздейді.

Теміржол көлігімен жүктерді
тасымалдау кезінде
әскерилендірілген күзетті
қамтамасыз ету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

_____ станциясында жүктері бар вагондарды күзетуге тапсыруды есепке алу кітабы

Поездың келу уақыты		Поездың нөмірі	Вагонның нөмірі	Жүктің түрі	Станцияның қызметкері тапсырды (лауазымы, тегі, қолы, күні, сағаты)	Наряд жетекшісі қабылдады (лауазымы, тегі, қолы, күні, сағаты)	Қабылданған вагондардың жай-күйі туралы белгі
Күні	Сағаты						
1	2	3	4	5	6	7	8

Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті камтамасыз ету қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Жүру жолында жүктерді әскерилендірілген күзетудің №__ БАҒЫТ ПАРАҒЫ

Т.Ж _____ станциясынан

Т.Ж _____ станциясына дейін

Нарядтардың жұмысы

Көрсеткіштер	Күні мен айы	Уақыты		Ауысым пунктiнiң мөртабаны	Күзет ұйымы өкiлiнiң қолы
		Сағат	Минут		
Наряд кетті					
Наряд кетті					
Наряд кетті					
Наряд кетті					
Наряд кетті					
Наряд кетті					
Наряд кетті					
Наряд кетті					
Наряд кетті					
Наряд кетті					

Жұмыс қорытындылары

Көрсеткіштер	Уақыты		Күзет ұйымы өкiлiнiң қолы
	Сағат	Минут	

Қарауыл үй жайында күту			
Поездарды бірге алып жүру			
Ауысым пунктінде демалу			
Резервпен қайта оралу			
Станция паркінде жүктерді күзету			
Жедел жұмыс			
Пикет қызметі			
Барлығы:			

Жүру жолында нарядтарды тексеру туралы белгі үшін

Нарядтардың құрамы

Лауазымы	Тегі, аты, әкесінің аты	Қарудың түрі	Қару №

Нарядтармен бірге аттары мынадай қызметтік иттер жүреді _____

М.О Станциядағы күзет ұйымының өкілі _____

_____ жылғы " ____ " _____

Нұсқама алғаны туралы белгілер

Қолхат

Баратын жері: _____ күні поездың № _____

Вагон №	Жүктің түрі	Жүктерді қабылдау және тапсыру нәтижелері туралы белгі

Күзет ұйымының өкілдері:

_____ станциясындағы _____ станциясындағы

(ауысым пунктінің мөртабаны және (ауысым пунктінің мөртабаны және лауазымдық тұлғаның Т.А.Ә.А) лауазымдық тұлғаның Т.А.Ә.А)

Қолхат

Қайтуы: _____ күні поездың № _____

Вагон №	Жүктің түрі	Жүктерді қабылдау және тапсыру нәтижелері туралы белгі

Күзет ұйымының өкілдері:

_____ станциясындағы _____ станциясындағы
(ауысым пунктiнiң мәртабаны және (ауысым пунктiнiң мәртабаны және
лауазымдық тұлғаның Т.А.Ә.А) лауазымдық тұлғаның Т.А.Ә.А)

Теміржол көлігімен жүктерді
тасымалдау кезінде
әскерилендірілген күзетті
камтамасыз ету қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**Күзету нарядтарының жүктері бар вагондарды тапсыруы
мен қабылдауын есепке алу кітабы**

Келуі							
Поездың келу уақыты		Поездың нөмірі	Вагонның нөмірі	Жүктің түрі	Тапсырды (лауазымы, тегі, қолы, күні, сағаты)	Қабылдады (лауазымы, тегі, қолы, күні, сағаты)	Қабылданған вагондардың жай-күйі туралы белгі
Күні	Сағаты						
1	2	3	4	5	6	7	8

(кестенің жалғасы)

Кетуі						
Поездың кету уақыты		Поездың нөмірі	Қабылдады (лауазымы, тегі, қолы, күні, сағаты)	Тапсырды (лауазымы, тегі, қолы, күні, сағаты)	Поездың жөнелтілуі және жай-күйі туралы кімге хабарланды	Поездың көршілес ауысым пунктiне келген уақыты, вагонның (жүктің) жай-күйі
Күні	Сағаты					
9	10	11	12	13	14	15